**Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған**
**мамандандырылған ақпараттық технологиялар**
**мектеп – лицей – интернатының**
# ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Орал қаласы, 2023 ж.**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына, «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығы және мектеп Жарғысына сәйкес мектеп-лицей оқушыларының ішкі тәртібіне, оқушылардың сырт келбетіне және мектеп формасына (алда мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелері) қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді;

1.2. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелері «Білім беру қызметтерін көрсетудің КЕЛІСІМ ШАРТЫ»-ның ажырамас бөлігі болып табылады, КЕЛІСІМ ШАРТ-қа қол қою кезінде ата-аналарға немесе заңды өкілдерге таныстырылады;

1.3. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелері қызметкерлер, оқушылар және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін міндетті талаптарды анықтайды;

1.4. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелеріндегі жазылған талаптың біреуінің оқушы тарапынан бұзылуы оқушының тәртіпсіздік жасауы болып табылады;

1.5. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылауды мектеп әкімшілігі, оқу және тәрбие бөлімі қызметкерлері мен барлық педагогтар жүзеге асыруға тиіс;

1.6. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы немесе оқушылар тарапынан бұзылған жағдайда оқушыларға түсіндіру үшін педагогикалық және тәрбиелік әдіс-тәсілдерді қолдануда педагогтер дербес шешім қабылдайды және әрекет етеді;

1.7. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін оқушы өрескел бұзған жағдайда сынып жетекшісі, тәрбие бөлімі және мектеп әкімшілігі хабардар етіліп, оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі мектепке шақыртылады;

1.8. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуы және педагогтер мен ата-аналар немесе заңды өкілдері арасындағы келіспеушіліктер туындаған жағдайда «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінің» 3-тарауы 21-пункті негізінде мәселе мектептің Қамқоршылық кеңесінде қаралады.

## 2. Оқушылардың мектеп формасы мен сырт келбетіне қойылатын негізгі талаптар

2.1. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді;

2.2. Ұл балаларға арналған мектеп формасы:

Мерекелік мектеп формасы: классикалық үлгідегі қою көк түсті пиджак, шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс, классикалық бір реңкті ақ жейде (жейде шалбар ішіне салынуы тиіс), үйлесімді галстук, қара түсті туфли;

Күнделікті мектеп формасы: классикалық үлгідегі қою көк түсті пиджак, шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс, қысқы мезгілде: бомбер, жилет, жемпір. Ақ немесе ашық түсті бір реңкті классикалық жейде (жейде шалбар ішіне салынуы тиіс), қара түсті туфли;

2.3. Қыздарға арналған мектеп формасы:

Мерекелік мектеп формасы: Тізеден төмен түсіп тұратын қою көк түсті белдемше, классикалық ақ блузка (юбканың ішіне салынуы тиіс), ақ бантик, қара туфли;

Күнделікті мектеп формасы: Пиджак, жилет, классикалық шалбар, юбка, ақ жейде немесе блузка (юбканың ішіне салынуы тиіс), түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған жемпір, қысқы уақытта: трикотаж жилет, классикалық үлгідегі қою көк түсті сарафан, ақ водолазка. Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс. Аяқ киім түрлері: туфли, лоффер, балетка;

2.4. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (спорттық қозғалысқа арналған крассовка, кеды) тұруы тиіс;

2.5. Мерекелік мектеп формасы мектептің мерекелік және дәстүрлі шаралары кезінде киіледі. Басқа уақытта оқушылар мектепке күнделікті мектеп формасымен келулері қажет. Спорттық мектеп формасы тек қана дене шынықтыру сабақтары үшін ауыстырылады және спорттық шараларда киіледі;

2.6. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды;

2.7. Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон және т.б.) орналастыруға рұқсат етіледі;

2.8. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады;

2.9. Мектеп формасының матасы ретінде қасиеттері жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар ұсынылады;

2.10. Ата-аналарға немесе заңды өкілдерге мектеп формасын отандық киім өндірушілерден гигиеналық талаптарға сай келетін сапа сертификаттары болған жағдайда тікелей сатып алу ұсынылады. Мектеп формасын ата-аналар дүкендерден сатып алады немесе ұсынылған сипаттамаға сәйкес тігіледі. Ата-аналар немесе заңды өкілдердің ұсынылған нұсқаларға сәйкес мектеп формасын таңдау құқығы бар;

2.11. Мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері, мектептің өзін-өзі басқару мүшелері, қамқоршылар кеңесі мен ата-аналар комитеті қатысады және осы Талаптарға сәйкес ұсыныстар енгізеді;

2.12. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (Қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады;

2.13. Ата-аналар немесе заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді;

2.14. Осы Ережені сақтау оқу үдерісі кезінде оқушылар үшін міндетті болып табылады. Мектеп формасын сақтамау Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін бұзу болып табылады.

## 3. Мектеп формасының функциялары

3.1. Оқушылар бойында ұқыптылық пен мәдениеттілік нормаларын қалыптастыру;

3.2. Оқушылар болмысына сыртқы келбет негізінде оң жағынан әсер ету;

3.3. Оқушылар арасындағы әлеуметтік, мүліктік және діни айырмашылықтарды жою;

3.4. Жылдың барлық мезгілдері мен күн режиміне сай оқушыларға жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ету;

3.5. Білім беру ұйымының имиджін нығайту, мектептің біркелкі көрінісін қалыптастыру;

3.6. Эстетикалық талғамды қалыптастыру. Білім беру ұйымының жалпы имиджін нығайту;

3.7. Гигиеналық талаптарды сақтау.

## 4. Оқушылар құқықтары

4.1. Мектептің Жарғысында көрсетілген оқушылар құқықтары толық сақталады.

## 5. Оқушылар міндеттері

Оқушылар мектеп қабырғасында міндетті:

5.1. Мектеп формасын сақтауға;

5.2. Дене шынықтыру сабағы күндерінде спорттық форма өздерімен бірге алып келуге және тек дене шынықтыру сабағында киюге;

5.3. Салтанатты саптық жиындарда, мереке күндері мектеп оқушылары мерекелік мектеп формасын киюге;

5.4. Сабақ уақытында ұялы телефондарды, смартфондарды, басқа да гаджеттерді арнайы өздеріне белгіленген жәшіктерге салуға (планшеттерді оқу мақсатында ғана қолдануға рұқсат беріледі);

5.5. Ауа–райы қолайсыз жағдайда екі аяқ киіммен келуге;

5.6. Таңертеңгілік сабақтан кешікпеуге;

5.7. Мектепте оқушылар арасында өзара құрмет пен сыйластықты сақтауға, былапыт сөздер айтпауға, өздерін мәдениетті ұстауға;

5.8. Педагогтер мен қызметкерлерді құрметтеуге;

5.9. Оқулықтар мен пайдалануға алған құралдарды ұқыпты ұстауға:

5.10. Мектеп ішінде және аумағында тазалықты сақтауға;

5.11. Мектепке әр оқушы жеке турникет картасымен кіріп-шығуға;

5.12. Мектеп қабырғасында және аумағында еңбек және өмір қауіпсіздік талаптарын сақтауға.

## 6. Оқушыларға тыйым салынады:

Оқушыларға мектеп қабырғасында тыйым салынады:

6.1. Мектепке рұқсат етілмеген киім үлгісінде кіруге;

6.2. Бетті жабатын бейресми бірлестіктердің рәміздері мен белгісі бар аксессуарларды, сонымен қатар тыйым салынған заттар мен мінез – құлықтарға әсер ететін психоактивті заттарды, асыл тастар

мен бағалы зергерлік бұйымдар мен аксесуарларды, бижутерияларды тағу, әкелу, насихаттауға (жүзік, үлкен сырға, алқа, шынжыр, кулон, білезік, сәндік белбеу және т.б.);

6.3. Білім алушыларға білім беру мекемесінің аумағына кез келген мақсатта қару, жарылғыш немесе өртенгіш заттар, газды шынылар, спирттік сусындар, темекілер, электронды темекілер, есірткілер, тағы да басқа есеңгіретететін немесе улы құралдар, оқу қызметіне қатысы жоқ және айналасындағы адамдардың денсаулығына зақым келтіретін заттар алып келуге;

6.4. Сабақ уақыты кезінде ұялы телефондар, смартфондар, басқа да гаджеттерді мұғалім рұқсатынсыз қолдануға;

6.5. Буллинг жүргізуге;

6.6. Түрлі конфессиялардың діни бірлестіктерінің киім элементтерін киюге (хиджаб, орамал, т.б.);

6.7. Мектепке экстравагантты шаш үлгілерімен, ашық табиғи емес реңктерімен боялған шаштармен, жарқын маникюрмен және макияжбен (ерінді, көзді бояуға, жасанды кірпік жасауға), пирсингпен келуге;

6.8. Мектеп қабырғасында оқушыларға шаштарын ашық түстерге бояуға;

6.9. Оқушыларға боянуға, өткір иіс қолдануға, косметикалық бояуларды қолдануға;

6.10. Ер балаларға ұзын шаш үлгілерін қоюға;

6.11. Ұялы телефондар, смартфондар салатын жәшіктердің кілттерін өздерімен бірге алып кетуге;

6.12. Мектеп мүлкі мен құралдарын қасақана бүлдіруге, сындыруға;

6.13. Қандай да бір әлеуметтік, дене, ақыл-ой белгілеріне байланысты мектеп қабырғасында басқа тұлғаларды кемсітуге.

## 7. Жауапкершілік

7.1. Оқушы мектепке оқу жылы ішінде бірінші рет мектеп формасыз келсе сынып жетекшісі жеке түсіндірме жұмысын жүргізеді; екінші рет қайталанған жағдайда ата-анасына немесе заңды өкіліне ескертіледі; үшінші рет қайталанған жағдайда ата-анасы немесе заңды өкілі мектепке шақыртылады; одан кейін қайталанған жағдайда мәселе Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынылады;

7.2. Оқушы сабақтан кешіккен жағдайда себебі анықталады, ата-анасына ескертіледі. Себепсіз кешігу уақытының жиынтығы 60 минуттан асқан жағдайда ата-анасы немесе заңды өкілі мектепке шақыртылады. Ал, 100 минуттан асқан жағдайда оқушы сабаққа жіберілмейді, мәселе Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынылады;

7.3. Оқушы Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзған жағдайда мектеп әкімшілігі ата-аналармен немесе заңды өкілмен кеңесіп шешім қабылдайды. Тараптар келісімге келмеген жағдайда мәселе Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынылады.

## 8. Ата-ана құқықтары:

8.1. Мектептің Жарғысында көрсетілген ата-аналардың немесе заңды өкілдердің құқықтары толық сақталады.

## 9. Ата-ананың міндеттері

9.1. Мектептің Жарғысында көрсетілген ата-аналардың немесе заңды өкілдердің міндеттері толық сақталады.

## 10. Ата-ана жауапкершілігі

10.1. Бала тәрбиесіне жауапты тұлға - ата-анасы немесе заңды өкілі. Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерінің оқушы тарапынан орындалмауы және оқушы тәртіпсіздігін реттеу кезінде мектеп әкімшілігі ата-анамен немесе заңды өкілмен байланыс жасайды. Мәселе шешімін таппаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынылады.

## 11. Сынып жетекшісінің міндеттері

Сынып жетекшісі міндетті:

11.1. Күнделікті өз сыныбында оқушылардың Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

11.2. Оқушының осы ережені бұзу фактісі туралы ата-аналарға уақытылы (факт болған күні) хабарлауға;

11.3. Оқушының мектеп формасын сақтамау, сабаққа кешігу және өрескел тәртіп бұзу фактілері есебін жүргізуге;

11.4. Сынып оқушыларының Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін бұзудың алдын-алу үшін тәрбиелік шараларды ұйымдастыруға және іске асыруға;

11.5. Педконсилиумге шақырылған ата-аналар мен оқушыларды оның отырысының уақыты мен орны туралы уақытылы хабардар етуге.

## 12. Әкімшілік ықпал ету шаралары

12.1. Мектеп әкімшілігі Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша мониторинг нәтижесін педагогтерді ынталандыру кезінде қолданады;

12.2. Мектеп әкімшілігі Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша мониторинг нәтижесін оқушыларды ынталандыру және конкурстарға іріктеу кезінде қолданады;

12.3. Мектеп әкімшілігі Мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша мониторинг нәтижесін сынып жетекшілері рейтингісін шығару кезінде қолданады;

12.4. Мектеп әкімшілігі айына бір рет жоспарлы түрде және қажеттілігіне қарай жоспардан тыс оқушылардың мектепке артық заттар (қару, жарылғыш немесе өртенгіш заттар, газды шынылар, спирттік сусындар, темекілер, электронды темекілер, есірткілер, тағы да басқа есеңгіретететін немесе улы құралдар, оқу қызметіне қатысы жоқ және айналасындағы адамдардың денсаулығына зақым келтіретін заттар) әкелмеулері мақсатында кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесіп рейд жүргізеді. Анықталған тәртіп бұзушылық осы Ереже талаптары бойынша шешіледі.